

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мемлекеттік мекемелерінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 сәуір N 422

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша департаментінің тергеу изоляторы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің тергеу изоляторы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Мекеменің әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 28 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.